

Түркістан облысы Қазығұрт ауданының адами әлеуметтік дамыту бөлімі
мемлекеттік мекемесі «Алтын сақа» бөбекжай – балабақшасы МКҚ



Ашық ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті

Күз әсемдігі

«Жауқазын» ортаңғы тобы

Тәрбиешілері: Сарыбаева. Ж
Абдулаева. М

2021-2022ж

Білім беру саласы: «Коммуникация»

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Жаратылыстану

Тақырыбы: «Күз әсемдігі»

Мақсаты: Күз мезгілі туралы түсінік беру. Күз мезгілінің ерекшеліктерімен таныстыру,

көкөністерді, жемістерді ажырата білуге үйрету. Ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу.

Әдіс-тәсілі: Түсіндіру, ойын тапсырмалары, сергіту жаттығулары.

Көрнекілігі: Күз туралы сурет, көкөністер мен жемістер.

Оқу іс-әркеті	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық қозғаушы	<p>Балалар қарандаршы бүгін бізге көп қонақтар келді.</p> <p>Шаттық шенбері:</p> <p>Ұл-қыз сәлем береміз</p> <p>Өнегелі өренбіз</p> <p>Сәлем сөздің анасы</p> <p>Сәлеметсіздерме қонақтар .</p> <p>Жарайсындар балалар.</p>	<p>Балалар тәрбиешімен бірге қосылып қонақтармен сәлемдесіп, шаттық шенберін бірге жасайды.</p>
	<p>Балалар күз мезгілі ерекше. Күз дегеніміз: біріншіден</p> <p>байлық, молшылық, қаптаған астық. Мысалы: картоп, жүгері, қауын, дарбыз, алма, жұзім осының барлығы күзде әбден пісіп жетіледі.</p> <p>Күзде далада егін де, тоғай да сапсары болады. Сондықтан да халық күзді қалай атайды.</p> <p>Балалар қазір жылдың қай мезгілі.</p> <p>Күз мезгілінде қандай өзгерістер болады.</p> <p>-Ия дұрыс айтасындар . Жыл мезгілдері құбылып тұрады екен.</p> <p>Балалар күз мезгілінде неше ай бар.</p> <p>Кыркүйек – Мен ерте күзбін,</p> <p>Қазан-Алтын күз, Жомарт күз,</p> <p>Караша-Кара күз деп аталады.</p>	<p>Алтын күз деп атайды.</p> <p>Күз мезгілі.</p> <p>Күз мезгілінде жапырактар сарғайып жерге түседі, күн сүттады, жаңбыр жиі жауады. Күстар жылы жаққа ұшады.</p> <p>Үш ай бар.</p>

Есік қағылады, кенеттен күз
ханшайымы қонаққа келеді.
Армысыздар балалар
Күзгі бақта қонақтар
Өздеріне әкелдім
Күздің сыйын көз таратар
Тәрбиеші: Күз ханшайымы хош
келдің, мына қолыңыздағы
сыйлықтарыңызды балаларға берсек
бала ма?

Күз ханшайымы: Бұл сыйымды
балалар еңбек етіп алу керек.
Тәрбиеші: Олай болса, балалар күз
ханшайымына арнап
тақпақтарымызды айтып берейік,
төрлетіңіздер.

Балалар мен сендерге жұмбак
жасырғым келіп тұр.

Жұмбактар:

Жер бетінде шашы бар,
Жер астында басы бар.
Ол не балалар. /Сәбіз/

Кекпенбек еді көктемде,
Қызарады күзге жеткенде /Алма/

Ойын:

Кекөністер мен жемістерді ажырат.

Сергіту сәті:

Бала-бала балақан
Кәне қайсы алақан
Саусақтарың әйбат
Былай-былай ойнат
Топ-топ, топ-топ басамыз.
Жалауға күн жасайық

Тақпақтар:
Сап-сары ғып даланы./Ақжан/
Бояпты ғой күз деген
Құстар қанат қағады
Қоштасқандай бізбенен
Ақжан

Берекесін сыйлауға /Анель/
Өлкемізге күз келді
Жемістерді жинауға
Шақырады біздерді.

Алтын, сары, қызыл көк,/Бағдә/
Алуан-алуан жапырақ
Күзгі бақта күлімдеп
Көз тартады атырап

4. Жемісі мол теретін /Сабина/
Күз екен бізбенен
Бәрін тауып беретін
Жомарт екен күз деген

5. Жер берді жемісті /Мансұр/
Күз келді келісті
Күз байлық береке
Алтын күз мереке
Қамба толды астыққа /Нұрай/
Алғыс саған алтын күз
Бір уыс дән шаштық та
Қап-қап қауын алдық біз

	<p>Қорытындылау:</p> <p>Қол ұстасып тұрайық Шенберді біз құрайық Көріскенше күн жақсы Сау саламат болайық</p>	

Күтілетін нәтиже:

Біледі:Күз мезгілінің ерекшеліктерін.

Игереді:Көкөністер мен жемістерді ажыратуды.

Менгереді:Берілген тапсырманы мүқия тындайды.